Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іске жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау. (тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шешендікке, сөз өнеріне, отбасындағы үлкендерді сыйлауға, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу, құрмет көрсету қағидаларына, әдептілікке тәрбиелеу. Жақсы ата – орман, Жақсы бала қорған. Отан - қуат, Отбасы - шуақ.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іске жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға дағдыландыру. Тақпақ жаттау Н. Жанаев Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. (тіл дамыту, көркем әдебиет) Қауіпсіздік. "Мен және мен туралы" жаттығуы (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту.	Дидактикалық ойыны. «Төлдерін тап». Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. Алдарындағы суреттен үй жануарлары мен олардың төлдерін сызық арқылы қосу керектігін түсіндіреді. Қай малдың төлі қалай аталатынын айтқызады. (қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту, көркем әдебиет) "Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс айтқызып, оның атқаратын қызметі туралы бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын желітдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, барлық карточкаларды кім бәрінен бұрын қойса, сол бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (тіл дамыту, математика негіздері, құрастыру)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, кейін орнына жинау (қажетіне қарай); берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. (тіл дамыту, еңбек дағдылары) Суреттерді қарастыру жаттығуы. "Қазақстанның көрікті жерлері". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттерін қарастырып, қарапайым сөйлем, қысқа әңгіме құрастыруға ынталандыру; ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту; Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. Педагог суреттер бойынша қарастыру жаттығуының соңында, сүйікті тақпағын мәнерлеп айтуды ұсынады. Б. Ысқақов. "Отан". Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың. Отан - өлкең, астанаң, Отан - аудан, ауылың. Музыкалық-дидактикалық ойын. «Күн мен жаңбыр». Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды музыканың әртүрлі сыр-сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді. Ойынның шарты: көңілді күн мен бұлттың суреттері бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап, әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді.	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: ағаштардың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту, ағаштың айналасындағы саңылаудың себебін түсінуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балалардың достық туралы ұғымдарын тиянақтау; көркемсөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру Д. Бұланбаева, "Достық деген не?" Педагог асықпай, өлеңді мәнерлеп оқиды. Топ ішінде бірге ойнаған, Достарыммен біргемін. Бөлісіп бар ойыншықпен, Жан сырын да білгенмін. Достарменен бірге жүрсең, Жақсы әуен тыңбасын. Қара бұлтта сейіледі, Дос жүрегін тыңдасаң. Достарменен қол ұстассаң, Ешқашан қор болмайсың. Ұқсағың кеп жан досыңа, "Кең мұнара" салғайсың. Қимылды ойындар «Ұшты-ұшты». Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей, тыңдап отырулары керек. Ұшатын құс немесе

				(музыка)	зат туралы айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты қарға ұшты! (қол көтереді) (қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет, дене шынықтыру)
Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1. Таяқшаны алға созу. 2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру. 3. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру. 5. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 6. Бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау. 2. Сол аяқты оның қасына алып келу. 3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау. 4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1. Таяқшаны жоғары көтеру. 2. Оңға иілу. 3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Аналар мектебі": Балалар кітапханасы: Отан туралы: қазақстандық ақындардың Отан туралы өлеңдерін оқу; туған өлке туралы фото суреттер альбомын даярлау. "Күй күмбірі": "Көктөбе" (Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-i «Өнегелі»: Туған өлке және дәстүрлер. Тақырыбы: «Менің туған өлкем». Мақсаты: өз өлкесіне, оның дәстүрлері мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты дамыту.				

	Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. (тіл дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)	ҚР Мемлекеттік Рәміздері туралы әңгімелесу. (тіл дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)	Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тындалған шығарманың, санамақ мазмұнын қайталап, есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; халық ауыз әдебиетіне, көркемсөзге қызығушылықты арттыру.	Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. (тіл дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)	Қалалар туралы әңгімелесу.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Бөренемен төрттағандап жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі қатармен жүруді жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауды үйрету.	Қазақ тілі "Қазақстан - менің Отаным. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс "Қазақстан жайында...". Музыка "Күздің ғажайып құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға әнді тыңдай отырып, мағынасын түсінуді және ырғақты айыруды үйрету.	Дене тәрбиесі "Кедергіден өту амалдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта) үйрету.	Дене тәрбиесі "Кедергілерден өту ойындары". Мақсат-міндеттері. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету.	Музыка "Күн дидарлы Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау. Қарағай. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан топырағында өсетін қылқанжапырақты ағаштардың түрі қарағай туралы түсініктер беру; адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым	Гүлдерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Гүлдердің атауларын, оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету; күзгі гүлдер туралы, оларға күтім жасау, олардың табиғаттағы тұтастығының мәнін, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін бідуге ықпал ету; гүлдердің тұқым беру ерекшелігін байқату; тапқырлықты, ақыл-ой ұшқырлығын дамыту. Нарғызгүл (георгин), аққекіре гүлі (астра), қашқаргүл (хризантема), қырмызыгүл (календула). Жұмбақ. Құлпырса қадірлейді, аялайды,	Жеміс ағаштарын бақылау. Алма ағашы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет) Тақпақ. Жеміс біткен бау-бақша, Жемін жайды жан-жаққа. Бақта құстар сайрады, Құйқылжытып сан-саққа. Қолға ап бақша құралын, Суды атызға бұрамын. Ағаш түбін қопсытып. Арам шөпті жұламын. Бақылау: балаларға ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайтынын, піскен	Торғайды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, математика негіздері, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Мақсат-міндеттері. Балалардың күз мезгіліндегі аула құстары (торғай, көгершін, қарға), олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; торғайдың тіршілік етуінің ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру. Қауіпсіздік. Табиғатта (объектілерді) бақылауда қарапайым тәртіп ережелерін сақтауға үйрету. - Торғай қандай?	Ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі) Бақылау: күздің алғашқы өзгерістері және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр бұлттар, бұлыңғыр аспан, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтартардың сарғайып жерге түсуі. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман) кеңейту. Табиғатты сүюге баулу. Ауа райын байқайық, Аспан, ағашқа қарайық.

	экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды тану (2 түрі, қылқанжапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағайдың ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шыршаның инелері қысқа және қою жасыл түсті. Табиғатқа сүйіспеншілікті арттыру. Бауыржан Жақып "Қарағайлар тың тыңдайды...". Қарағайлар тың тыңдайды, Қайың ерер жетекке, Байғыз мұнда сұңқылдайды, Шақырады көкек те. «Өнегелі тәрбие». Еңбек. Құмсалғышты, самалжайды тазалау. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаттары: балалардың қозғалыс ойындарына қызығушылығын арттыру, физикалық дағдыларын жетілдіру, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға ынталандыру, шапшаңдықты, қызығушылықты, күн мен түнді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Жапалақты жүргізуші ретінде таңдайды. Күн десе - балалар еркін қимылдап жүреді; түн десе - орындарында қозғалмай тұрады. Жапалақ балалардың арасынан қозғалып қалғандарды өз ұясына алып кетіп, ойын жалғасады. Ойын соңында мұқиятты жапалақтың және шыдамды балалардың қабілеттері мадақталады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Көтермек». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дене күшін	Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл.) Бақылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауды үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша және тағы басқа). Күзгі гүлдердің сұлулығын сезінуге тәрбиелеу. Мұқағали Мақатаев "Ақ гүл" (үзінді) Сапсыз көп, сары, жасыл өсімдіктер. Атқанда таң бозарып алтын арай, Аралап өсімдікті жүрдім талай. Ашығы сүттен аппақ жалғыз түп гүл, Алдымнан болды пайда әлдеқалай. Қараймын ақ гүліме күнде-күнде, Көркінен айырылып кетті мүлде. Гүлдерді суыққа қарай солатынын түсіндіру. Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимыл шапшаңдығы менептілікті дамыту. Ағаштарға өрмелеп шығып, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойын. Түйілген орамал (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: бақшада жұмыс (жер қазу). (еңбек іс-әрекеті) Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен	жемісті ғана жеу керектігін түсіндіру. Қадыр Мырза Әли Ағаш емес, біліңдер, Асыл ана бұл тұрған. Толған сайын түйіндер Алма ағашы құлпырған. Әр түйіні, қарашы, Оған перзент-баладай. Онсыз алма ағашы Жалғыз басты анадай. Қимылды ойындар. «Қоян мен қасқыр». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Мәтіннің мағынасына сәйкес әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаттары: балалардың қозғалыс ойындарына қызығушылығын арттыру, физикалық дағдыларын жетілдіру, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға ынталандыру, шапшаңдықты, қызығушылықты, күн мен түнді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Жапалақты жүргізуші ретінде таңдайды. Күн десе - балалар еркін қимылдап жүреді; түн десе - орындарында қозғалмай тұрады. Жапалақ балалардың арасынан қозғалып қалғандарды өз ұясына алып кетіп, ойын жалғасады. Ойын соңында мұқиятты жапалақтың және шыдамды балалардың қабілеттері мадақталады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Көтермек». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дене күшін дамыту, аяқ-қол қимылдарыныңептілігін дамыту. Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын тіреп тұрады. Белгі бойынша кім бір-бірін арқасына бірінші көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді, басқа балалармен күш сынасады. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік	- Ол немен қоректенеді? - Қалай ән айтады? Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара, қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басының түсі сұр. Торғай - епті құс, ол бұтақтан-бұтаққа қорықпай секіреді, ол дәндер мен тұқымдарды шоқып жейді. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады. "Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. (Ж. Сымақов.) «Өз орныңды ал» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың қимылды ойындарға қызығушылығын дамыту, ойынды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу, физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік), реакциясын, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу; достыққа, адалдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер бойымен тұрады, кезекпен нөмірленеді. Жүргізуші шеңбердің ортасына тұрады. Жүргізуші дауыстап кез келген екі нөмірді атайды. Аталған нөмірлердегі ойыншылар тез орындарын ауыстыруы керек. Жүргізушінің мақсаты — ауысып жатқанда босап қалған орындардың біріне жылдам барып тұрып қалу. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: балабақша бақшасындағы арамшөпті жұлуға үйретіп, арамшөптердің түріне қарай ажырата білу қабілетін бекіту. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі	Бұлтты аспан, Ашық па, Жел есе(ді) ме, Соға(ды) ма, Күн жылы ма, Суық па. Ауа райын байқайық, Не киеміз, қарайық. (Д. Ахметова) Көркемсөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру; қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды байқауға ынталандыру; жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Дина Ахметова "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. «Қыз қуу» (қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету, физикалық қасиеттерді: жылдамдықты, шыдамдылықты, ептілікті жетілдіру; алаңда дұрыс қозғала білу, бір-біріне кедергі жасамау, дабылға жылдам назар аудару қабілеттерін дамыту. Қауіпсіздік. Ойында қимылдауда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру. "Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай

	дамыту, аяқ-қол қимылдарының ептілігін дамыту. Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын тіреп тұрады. Белгі бойынша кім бір-бірін арқасына бірінші көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді, басқа балалармен күш сынасады. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. Қимылды ойын. «Бос орын». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. Табиғат бұрышының мекендеушілерін қоректендіру. Өз бетімен ойналатын ойындар: өз бетінше ойнауға тәрбиелеу.	қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу. Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мақтау және марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. Өз бетімен ойнайтын ойындар. Мақсат-міндеттері. Түстерді үйлестіруді үйрету. «Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу». (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі) Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс істеуіне көмектесу. Сөздік қорын дамыту.	ережелерін қадағалау. "Кім қапшықты алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: «Құм салғыштан шашылған құмды жинастыру». Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу. Топ алаңындағы құмды өз ынтасымен жинастыруды үйрету; тазалық сақтау және заттарды жинастыруды әдетке айналдыру. Өз бетімен ойналатын ойындар: тақырып бойынша берілген ойынды жүргізу. Шығармашылық сезімдерін ояту. Ұстамдылығы мен ойынға қызығушылығын дамыту. Жемістер мен көгөністер туралы білімдерін бекіту. (тіл дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)	аяғына дейін жеткізе білуге баулу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. Барлық қатысушылар бір қатарға (шеренгеге) тұрады да, кезекпен бірдей көлемдегі, салмақтағы кіші доптарды немесе қапшықтарды алға қарай лақтырады. Кімнің лақтырған заты ең жақын қашықтыққа түссе, сол бала барлық доптарды (немесе қапшықтарды) жинап, қайтадан басқа ойыншыларға таратып береді. Өз бетімен ойналатын ойындар: қозғалыс бағытын өзгерте отырып, белгі бойынша жылдам қозғалуды үйрету.	баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. "Кім қапшықты алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: гүлдерден гүлшоғын жасау. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау. (дене тәрбиесі, тіл дамыту, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, музыка, математика негіздері)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Даладан келген бала, Айнаға жылдам қара: Таза ма бетің, қолың, Тараулы ма шашың, Салынған ба түймең, Жинақы ма келбетің. (Д.Ахметова) «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады. «Жеті лақ» ертегісін оқып беру. (көркем	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі. «Бауырсақ» ертегісін оқып беру.

	жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)		баяу музыка тыңдайды. (музыка)	әдебиет)	(көркем әдебиет)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Сюжетті-рөлдік ойын. «Шаштараз». (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әдептілікке, әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. "Өз үйіңді тап" қимылды ойын. Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек. (тіл дамыту, дене тәрбиесі)	«Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) Мақсат-міндеттері. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ әрекетті қолдауға, әділетсіз әрекетті мойындауға (кешірім сұрауға), әділ пікірін білдіруге баулу, әділдікке тәрбиелеу. Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы. Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады. Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану, әйгілі әнді бірігіп айтуды ұсыну. «Қонақ күту» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу; отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлерді білім, ұстануға баулу. Балалардың ойын идеясын жүзеге асыру қабілетін дамыту. Ойын материалы: ойыншық ыдыс-аяқтар, ойыншық қамыр мен тоқаштар. "Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны. (танымдық дағдылар) Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін,	**Вариативтік компонент** Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Тазы". Мақсат-міндеттері. Үй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажыратуды үйрету. Дидактикалық ойын. "Иттің тамағын тап". Мақсат-міндеттері. Иттің қорегін тауып атау. (тіл дамыту, қазақ тілі) Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақтың ұлттық қозғалмалы ойыны «Ақ сандық, көк сандық». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балалардың қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді (шапшаңдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілікті) дамыту; ойын ережелерін бұзбай, саналы түрде сақтауға, ойнай білуге баулу; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, достыққа тәрбиелеу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.	"Көрнекті ғимарат". Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арканы пайдаланып екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету; призма, текше, цилиндр, тақтайша, кірпіш қасиеттерін талдап, тәжірибеде қолдануға дағдыландыру; құрылыстың тұрақтылығын ескеріп отыруға баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау. (тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шешендікке, сөз өнеріне, отбасындағы үлкендерді сыйлауға, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу, құрмет көрсету қағидаларына, әдептілікке тәрбиелеу. Жақсы ата – орман, Жақсы бала қорған. Отан - қуат, Отбасы - шуақ.	«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Ойынның шарты. Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар бар: ойыншықтар, оқу құралдары. Сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. Оқу құралдары мен ойыншықтарды бөлек жинайды. (тіл дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар". (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.

		зерттеу, талдау жасай білуді, қорытынды шығаруды дамыту; есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. Ережені есте сақтау жаттығуы.			
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығу Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал жинайды ара, Мір-мір-мір- қап-қара көмір. (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, көркем әдебиет)	Дидактикалық ойын. «Не артық?» Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажыратуды үйрету. Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Артығын тауып атауды ұсынады. Жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық, өйткені ол көгөніске жатады, қалғаны жемістер. (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тындалған шығарманың, санамақ мазмұнын қайталап, есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; халық ауыз әдебиетіне, көркемсөзге қызығушылықты арттыру. Е.Өтетілеуіов "Санамақ". Жиналған соң достары, Қаздай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бір болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші. Бесіншісі - балташы, Алтыншысы - аспазшы. Жетіншісі - жылқышы, Сегізінші - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші, Оныншысы - орманшы.	«Сиқырлы қапшық» Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны. Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, оның пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, көркем әдебиет)	«Кел, жазайық.» Мақсат-міндеттері. Тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. (тіл дамыту) Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.	«Дәл осындай пішінді тап». Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауды, ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала санына қарай бірнеше құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алады, құлыпты ашады. (тіл дамыту, математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Серуен	Бұлтты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндетері. Табиғат құбылыстары: жел, бұлт, жаңбыр - туралы ұғымдарын кеңейту; осы құбылыстар арасындағы себеп-салды байланыстарды анықтауға көмектесу; ақыл-ой, қиялды, байланыстыра тіл дамыту. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. Жұмбақтар. Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар.) Көзі жасты жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт.) Абдрахман Асылбек "Бұлт" Көрген сайын аспанда Ала шарбы бұлтты, Әжем түткен ақшамда Елестетем түбітті. Жан-жануар, аңдардың Кейпіне де келеді. Кейде ақсақал шалдардың Бейнесін де береді. Бірде үйіріп қамшысын, Қабағын тарс түйіп кеп, Тасырлатып тамшысын, Жібереді құйып кеп. "Құ түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен түлкімін!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үйлестіруге,ептілікке тәрбиелеу. Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал педагог шеңбер сыртында жүріп, кез келген	Қауіпсіздік. Экология. Ағаштар мен бұталарды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің бұталар және ағаштарға жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту; өсімдіктер түрлерінің айырмашылығын байқауға, мезгілдегі өсу ерекшеліктерін түсінуге үйрету; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Табиғат объектілерін бақылауда қауіпсіздікті ұстануды қадағалау. Балалардың экологиялық білімдерін қалыптастыру (ағаштарды аялау). Бірдей емес өсімдіктер, Оларды ажырату, яғни, жіктеу: Ағаш, бұта, гүлдер, шөп; Пішіні әртүрлі, саны көп. Оларды біріктіретіні - күн астында өсуі, Күннен алатын жарығы мен жылуы. Өте қажет өсімдіктерді суару, Топырақты қопсытып, баптап, күту. (Д.Ахметова) Жұмбақ. Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, оның тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын.) Одан көз ашиды, жапырақтары өткір, түсі шұбар. (Шетен ағашы.) Бақылау: сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. "Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар. Қимылды ойын. «Белгіні тыңда». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ойын ережелеріне бағынуды, дұрыс жауап беруді үйрету. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту. Жолдастары мен ересектерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен	Қауіпсіздік. Автобустарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері, жол бөліктері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус) Абдрахман Асылбек "Автобус". Автобусты аламыз, Ауылға алып барамыз. Сонда жалғыз сен емес, Сеніменен мен емес, Үлкен-кіші, кәрі де, Ауылдағының бәрі де Автобусқа мінеді, Мәз-мейрам боп жүреді. «Өз орныңды ал» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың қимылды ойындарға қызығушылығын дамыту, ойынды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу, физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік), реакциясын, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу; достыққа, адалдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер бойымен тұрады, кезекпен нөмірленеді. Жүргізуші шеңбердің ортасына тұрады. Жүргізуші дауыстап кез келген екі нөмірді атайды. Аталған нөмірлердегі ойыншылар тез орындарын ауыстыруы керек. Жүргізушінің мақсаты — ауысып жатқанда босап қалған орындардың біріне жылдам барып тұрып қалу. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші	Қауіпсіздік. Қарғаны бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу. Табиғат объектісін, құсты, бақылауда қауіпсіздік ережелерін ұстануды қадағалау. Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса қар болар, Бұтаға қонар қарғалар. (Ел ауызынан) Балалар қарғаның дыбыстарын тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсаматынын байқайды. Педагог қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды көрсету мүмкін. Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ойын алаңындағы қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. "Түйілген орамал" (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды.	Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғат құбылысы, жел, туралы ұғымдарын кеңейту; желді жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақтар, жалаулар мен бұтақтарға қарап, далада желдің барын немесе жоғын байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып тұрғанын немесе баяу есіп тұрғанын айтады. Сапарғали Бегалин "Заулашы желі Арқаның" Суылдайды, ышқынады, Арқа желі үн қатады, Кейде зулап ысқырады, "Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.Кейде ән салып шырқатады. «Тыныш жүгіріп өт» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету; Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өтуге ынталандыру; шыдамдылық,

	баланы сәл түртіп қалады. Осыдан кейін педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап балалар "қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. "Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре білуді жетілдіру. Өз бетімен ойындар ойнау. Мақсат-міндеттер. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу. Өз бетімен ойналатын ойындар. «Қайық ойыны». 2-3 рөлді қосатын бірлескен ойындарға қатысу, бір-бірімен өзара әрекеттесуді дамыту. (дене тәрбиесі, тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру, жапсыру)	болады. "Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. Өз бетімен ойындар ойнау. Мақсат-міндеттер. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. Өз бетімен ойындар ойнау. Мақсат-міндеттер. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	икемділік,ептілік физикалық қасиеттерді дамыту; Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп бару, кері жүгіріп қайту); ойында белсенді қатысуын талап ету. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Өз бетімен ойындар ойнау. Мақсат-міндеттер. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Даладан келген бала, Айнаға жылдам қара: Таза ма бетің, қолың, Тараулы ма шашың, Салынған ба түймең, Жинақы ма келбетің. (Д.Ахметова) «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше объектіні, затты ортақ белгісі, қасиеті бойынша жіктеп, біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері). «Жемістер мен көгөністер дүкені» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың «Жемістер мен көгөністер дүкені» жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; достық қарым-қатынасқа, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: сөрелер, жемістер мен көгөністердің нақпішіндері, түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары.	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Алма". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету. Дидактикалық ойын. "Алманың бөліктерін құрастыр". Мақсат-міндеттері. Түстері әртүрлі алмалардың барлық бөліктерін тауып, алманың тұтас суретін құрастыруды үйрету. Еске сақтау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту. «Қаржылық сауаттылық». «Дүкен» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттері: балаларда өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға ынталандыру. Еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. Материал: дүкенге арналған атрибуттар: ақша, тауарлардың бағалары, чектер, көгөністер мен жемістердің муляждары, ойыншықтар. Барысы: 1-нұсқа. Балаларға дүкеннің атауын ойлап табу, дүкенде не сатылатыны және дүкеннің ашылуы туралы жарнама ойластыру ұсынылады. Балалар жарнамалардың суретін салады және ұсынады. Сюжетті-рөлдік ойын. «Отбасы». (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа тәрбиелеу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.	**Вариативтік компонент** Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. "Пайдалы - зиянды" дидактикалық ойыны. Азық-түліктер. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру; "Денсаулық - зор байлық" сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін алдын-алуға болатынын түсінуге көмектесу; өз денсаулықтарын нығайту, пайдаланатын азық-түліктердің пайдасы мен зияндылығын түсіндіру. Ойын басында тәрбиеші балаларға үлкен парақ бетте бейнеленген пайдалы азық-түліктерді жасыл маркермен қоршауды ұсынады, Ары қарай тәрбиеші басқа азық-түліктердің зиянын түсіндіреді, балалармен бірге талқылайды. Бағыттаушы сұрақтар арқылы ойын барысында тәрбиеші балаларға тағам бойынша маман, шынығу бойынша нұсқаушы болуға мүмкіндік береді. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бес тас" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	"Көңілді саяхат" Мақсат-міндеттері. Балаларды 4 саны және цифрымен таныстыру; заттардың екі жиынтығын салыстыру негізінде 4 санының құрылуымен таныстыру; 1-3 дейінгі сандар мен цифрлар туралы білімдерін бекіту. (сурет салу, тіл дамыту, математика негіздері) "Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; құстар, өсімдіктер, жануарлардың жіктелуі туралы ұғымдарын жетілдіру; ойлау қабілетін, қиялдарын, зейіндерін дамыту; сөздік қорды белсендіру; тапқырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе " аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды. Мысалы, "су"-балық атаулары, суда өмір сүретін тіршілік иелері, "аспан" - құстардың немесе ұшатын жәндіктердің атаулары," жер" - жан-жануарлардың, жәндіктердің атаулары.	Театрды сахналау. (тіл дамыту және көркем әдебиет) "Қасқыр және жеті лақ" ертегісінің желісін саусақ театры арқылы сахналау. Мақсат-міндеттері. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру; ертегі желісінің мазмұның білуге үйрету. "Өз үйіңді тап" қимылды ойын. (дене тәрбиесі) Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек.
Балалармен жеке жұмыс	«Сиқырлы суреттер». Ойынның мақсат-міндеттері: балалардың логикалық ойлау қабілетін, еске сақтау, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттердің қиылған бөліктері. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша суреттердің қиылған бөліктерінен сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.	Дидактикалық ойын. «Жеміс-жидектерді ажырат». (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог әр баланың алдына көгөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін таратады. Бала жеміс-жидектерді ғана жинап алуы керек.	Сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу. (сурет салу)	«Таныс пішіндер доминосы». (математика негіздері) Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын	Кел, жазайық. Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.

				осылай жалғаса береді	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғат құбылысы, жел, туралы ұғымдарын кеңейту; желді жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақтар, жалаулар мен бұтақтарға қарап, далада желдің барын немесе жоғын байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып тұрғанын немесе баяу есіп тұрғанын айтады. Сапарғали Бегалин "Заулашы желі Арқаның" Суылдайды, ышқынады, Арқа желі үн қатады, Кейде зулап ысқырады, Кейде ән салып шырқатады. «Өз орныңды ал» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың қимылды ойындарға қызығушылығын дамыту, ойынды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу, физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік), реакциясын, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу; достыққа, адалдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер бойымен тұрады, кезекпен нөмірленеді. Жүргізуші шеңбердің ортасына тұрады. Жүргізуші дауыстап кез келген екі нөмірді атайды. Аталған нөмірлердегі ойыншылар тез орындарын ауыстыруы керек. Жүргізушінің мақсаты — ауысып жатқанда босап қалған орындардың біріне жылдам барып тұрып қалу. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік,	Ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-мәндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылауға үйрету; күз мезгіліне тән табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман) кеңейту; қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күн суық); қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті арттыру. Дина Ахметова "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап шығару. (еңбек іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қолғаптарды киюді ұйғару, қауіпсіздік ережелерін ұстануды қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойын. Түйілген орамал (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге	Жерге түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау барысында күзгі құбылыстар қасиеттерін анықтауға, желдің соғанын, жапырақтар түскенін ынталандыру. Күзгі табиғаттың сұлулығын байқауды үйрету. Тілін дамыту. Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу. Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру. Қорытынды: жапырақтар аяқ астында сусылдайды. Мұқағали Мақатаев «Сап-сары жапырақтар». Сап-сары жапырақтар … Сап-сары жапырақтар … Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: жапырақтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: жапырақтарды жинау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге баулу. «Мысық пен тышқан» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: балаларды ойын шартына сай, саналы, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа,	Бұлтты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары: жел, бұлт, жаңбыр - туралы ұғымдарын кеңейту; осы құбылыстар арасындағы себеп-салды байланыстарды анықтауға көмектесу; ақыл-ой, қиялды, байланыстыра сөйлеуді дамыту. Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. Жұмбақтар. Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар.) Көзі жасты жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт.) "Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру қабілетін қалыптастыру; сызықты баспауға үйрету; шыдамдылыққа,ептілікке тәрбиелеу.	Шалшық суды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары: жел, бұлт, жаңбыр - туралы ұғымдарын кеңейту; осы құбылыстар арасындағы себеп-салды байланыстарды анықтауға көмектесу; шалшықтың жаңбыр салынан пайда болатынын деп түсінуге көмектесу; ақыл-ой, қиялды, байланыстыра сөйлеуді дамыту. Көркемсөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетіңді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Бақылау: жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға балалардың көңілін аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге тез сіңіп, ал күзде салқын түскенде жерег сіңбей, батпақ болып жататынына мән бергізу. Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап шығару. (еңбек іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қолғаптарды киюді ұйғару, қауіпсіздік ережелерін ұстануды қадағалау. Қауіпсіздік. "Өз ағашыңа жүгір!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері: балалардың ағаштарды сыртқы белгілері (атауы) бойынша ажырата білу дағдыларын дамыту; қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту, физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Қауіпсіздік. Қимыл-қозғалыс

	ептілік) дамыту. Өздігінен ойналатын ойындар. Балаларды спорттық құралдармен, атрибуттармен ойнауды қолдау; құрдастармен ойындарда өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділ болуға, бірге, келісіп ойнауға, ойыншықтарымен бөлісуге баулу. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру; ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	дағдыландыру; қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. Өздігінен ойналатын ойындар. Балаларды спорттық құралдармен, атрибуттармен ойнауды қолдау; құрдастармен ойындарда өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділ болуға, бірге, келісіп ойнауға, ойыншықтарымен бөлісуге баулу. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)	Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! - Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. «Тыныш жүгіріп өт» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндетері. Ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету; Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өтуге ынталандыру; шыдамдылық, икемділік, ептілік физикалық қасиеттерді дамыту; Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп бару, кері жүгіріп қайту); ойында белсенді қатысуын талап ету. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. таныстыру, қазақ тілі)	Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). Еңбек: гүлзардағы солған гүлдерді жинау. «Өнегелі тәрбие» Мақсат-міндетері. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. «Қауіпсіздік». Еңбекте, құралдарды қолданғанда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар». Мақсат-міндетері. Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы.	ойындарда қауіпсіздік ережелерін ескерту, қадағалау. Учаскідегі ағаштар атауларын еске түсіру (қарағаш, үйеңкі, терек, аққайың), орындарын анықтап алу. Көру (есту) сигналына жылдам әрекет етуді үйрету, қажетті ағаштың қасына барып тұру. Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене тәрбиесі) Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету. «Өнелегі тәрбие». Қауіпсіздік. Еңбек әрекеті: сарғайып түскен жапырақтарды контейнерге жинақтау. (еңбек дағдылары)
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезінде (мәдени-гигиеналық дағдылар) "Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Су ағызып шүмектен, Беті-қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. (коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)

	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.	олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.	олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.	Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.	Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.
Балалардың үйге қайтуы	«Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес беру.	Отбасында балалардың музыкалық тәрбиесі.	Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану».	"Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналармен балаға ертегі оқудың маңыздылығы туралы әңгімелесу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ТОО Korkem baby балабақшасы
Топ: ересек « Ботақан» топ
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 13.10 - 17.10.2025ж.

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Тәуелсіздіктің жүгі ауыр. Дінмұхамед Қонаев					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	«Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы»	«Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы»	«Нанның құрамындағы пайдалы элементтер»	«Нанның құрамындағы пайдалы элементтер»	«Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары»
Балалардың іс-әрекеті	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: табиғат бұрышындағы	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: «Топтың ішін ретке келтір».	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: балабақшадағы арнайы	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: ұйымдастырылған іс-әрекет	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: балаларды тамақ ішерде аяқ-

(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті суқұйғышпен суаруды көрсету. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимнін орындау. (музыка) Мақсат-міндеттер: балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастырады. «Алтын астық» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға бидай алқабының суретін көрсету арқылы бидай туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды орындағанда жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Қ. Мүсірепов «Алтын астық» тақпағын мәнерлеп оқу. Ел егінді жинайды, Қырманға дән сыймайды. Біздің дала – бай дала, Алтын астық айнала. Қуыршақ ойыншығымен ойнату. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қуыршақ ойыншығын әлдилету арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап қайтаруға ынталандыру. С. Әлімқұлов «Әлди, әлди!» Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін бесікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке	Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектерге көмектесуге ынталандыру; шкафтағы ойыншықтар мен құралдардың шашылып жатқанын байқап, тазалық орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. Бауырсақ ойыншығымен ойнату. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншыққа қарап, көркемсөз үлгілерін айтуға ынталандыру, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету. Д. Ахметова «Бауырсақ». Бауыр-бауыр-бауырсақ, Сенің бетің домалақ, Сенің дәмің тәп-тәтті. Абайлашы, сақ болшы! «Жіпті тарқат және қайта ора» ойыны. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшықеттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар: түрлі түсті шағын жіптер. Барысы. Балаларға жіпті тарқатып, кейін қайтадан орауды (немесе оны шөлнекке (шпулька) орауды ұсыну. Орау үлгісін көрсету, қадағалау, көмек беру.	жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. "Шелпек". Елге келсең, ер ұлан, Қарама сен немкетті. Шыққан ана қолынан Сүйсініп же шелпекті. "Бауырсақ". Жеп көрмесең болмайды, Үйдің дәмін сағынсақ. Қақтырады таңдайды Майға піскен бауырсақ. Мүсіндеуден жаттығуы. (мүсіндеу, қоршаған ілеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Кесектерді үзіп-жұлу, есу техникаларын бекіту; белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді жасауға ынталандыру.	кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинауға ынталандыру. Тышқан ойыншығымен ойнату. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға көркемсөзді тыңдап, тышқанның қылықтарын байқауды үйрету, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу. Ойыншық болмаса оның суретін көрсетуге болады. Д. Ахметова «Тышқан». Тықыр-тықыр тықырлап, Кеміріп, бидай ұрлап, Тышқан жүр, еден тесіп. Көрейік оны барлап. «Нан илейік» жаттығуы (Д. Ахметова) (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Жеңімізді кел түрейік (ашық алақандарды бір-біріне үйкеу), Нан илейік, нан илейік (алақандар төмен, қолдарды алға созу, кеудеге жинау). Домалатып, ораймыз (қолдарды кеуде алдында шынтақ бүгіп, өзара айналдыру), Ыстық пешке саламыз (қолдар белде, сап түзеу). Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау), Аппақ ұнды қағамыз (еңкейіп, алақанды тізеге қағу).	табақтарды қоюға, ас ішіп болған соң жинастыруға ынталандыру. «Торт шеңберін безендірейік» үстел үсті ойыны. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшықеттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Балаларға дөңгелек пішінді әртүрлі геометриялық пішіндермен безендіруге ынталандыру; жасалған затты «торт» бейнесі ретінде қабылдауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту. Торт десе - ол тәтті нан, Түрлі гүлге боялған: Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы - Торттың үстіне қарайықшы. Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. "Шелпек". Елге келсең, ер ұлан, Қарама сен немкетті. Шыққан ана қолынан Сүйсініп же шелпекті. "Бауырсақ". Жеп көрмесең болмайды, Үйдің дәмін сағынсақ. Қақтырады таңдайды Майға піскен бауырсақ.
Ертеңгілік жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) 1.1.Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасату, қолдарын жоғары көтеріп шапалақтату, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену. 2.1.Оң иықты көтеру. 2.2.Бастапқы қалыпқа келу. 2.3.Сол иықты көтеру. 2.4.Бастапқы қалыпқа оралу (3 рет қайталау). 3.Бастапқы қалыпқа келу. Қолды кеуде тұсына қойып, қоян сияқты тұру. 3.1. 3 рет секіру. 3.2. Бастапқы қалыпқа келу. 3.3. 3 рет секіру. 3.4. Бастапқы қалыпқа оралу (2 рет қайталау). (дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, көркемсөз) Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай! Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай ... Д. Ахметова				

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» – Қазақстан Республикасының Гимнін орындау. «Күй күмбірі». Сүгірдің күйі «Шалқыма» (орындаған Жанғали Жүзбай) https://kitap.kz/music/2/zhangali-zhuzbaydyng-shertken-kuyleri Өнегелі. Саламатты өмір салты. Тақырыбы: «Денсаулық деген не?» Мақсаты: көңіл күйді көтеру, қимылды ойындарды ойнауды, би билеуді насихаттау.				
	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін дыбысы бәсеңдеу әуенжазба қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, көркемсөзді қайталау) Жел еседі алқапта, Бидай толды масақта. Масақты жинап, терейік, Ұннан нан пісірейік. Нан ыстық, аппақ, Ұстауға жұмсақ. Д. Ахметова	Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін баяу ырғақты әуенжазба қосу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) «Қазан» Өскен егін орылып, Жеміс-жидек піседі. Қазанда пеш жағылып, Ас қазанға түседі.	«Нан илейік» жаттығуы (Д. Ахметова) (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Жеңімізді кел түрейік (ашық алақандарды бір-біріне үйкеу), Нан илейік, нан илейік (алақандар төмен, қолдарды алға созу, кеудеге жинау). Домалатып, ораймыз (қолдарды кеуде алдында шынтақ бүгіп, өзара айналдыру), Ыстық пешке саламыз (қолдар белде, сап түзеу). Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау), Аппақ ұнды қағамыз (еңкейіп, алақанды тізеге қағу).	Саусақ гимнастикасы. «Бауырсақ». (тіл дамыту және көркем әдебиет) Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Бауырсақ, бауырсақ. Қайда кеттің домалап? (сол қолымыздың алақаны үстелдің үстінде ашық тұрады, оң қолымыз сол қолдың үстінде дөңгелек пішінін айналдырамыз). Бауырсақ, бауырсақ. Қайда кеттің домалап? (енді оң жақ қолымыздың алақаны үстелде ашық тұрады, сол жақ қолмен дөңгелек пішінін айналдырамыз).	Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. "Шелпек". Елге келсең, ер ұлан, Қарама сен немкетті. Шыққан ана қолынан Сүйсініп же шелпекті. "Бауырсақ". Жеп көрмесең болмайды, Үйдің дәмін сағынсақ. Қақтырады таңдайды Майға піскен бауырсақ.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі «Еңбектейік, ерінбейік». Мақсат-міндеттер. Еңбектеу жаттығуларын жасауға балалардың қызығушылықтарын арттыру; қатар қойылған заттардың арасымен еңбектеуді қорытындылау; еңбектеген кездегі дене қимылының ерекшеліктерін, заттардың арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; балалардың сөздік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту; балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. «Еңбектеп жеміс жинайық» ойыны. Мақсат-міндеттер. Еңбектеу. Шектеулі жазықтың бойымен төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Педагог балаларға еңбектеп жүріп, жерде шашылып жатқан ойыншық жемістерді жинатады. (дене тәрбиесі)	Музыка «Ару күз». Мақсат-міндеттер. Жаңбыр туралы әнді тыңдауға балалардың қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, оның сыр-сипатын ажыратуды үйрету; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; әнді есті отырып, әуенге ілесіп айту дағдыларын жетілдіру; күз кереметтерімен таныстыру. Балалардың музыкалық шығарманы қабылдау қабілетін дамыту; дыбысты тыңдау, ажырату дағдыларын үйрету; ырғақты қимылды қайталай алу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тілі "Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар". Мақсат-міндеттер. Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру. Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз. Көп адамға: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейміз. Көршің мен досыңа: «Сәлеметсің бе!» - дейміз. Бейтаныс адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз. Педагог карточка-суреттерді атап көрсетеді: Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.	Дене тәрбиесі «Нан қадірі». Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардан аттап жүру жаттығуларын жасау кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; ҰІӘ кезінде достық, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; бидай егетін дихандардың еңбектерін бағалауға тәрбиелеу. Сабақ басталар алдында балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдалану: «Күн қандай көңілді!», «Нан болса, ән де болады!», «Бәріміз күшті боламыз!», «Жарайсың!», «Керемет!» сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. «Қаптан бидай шашамын» ойыны. Мақсат-міндеттер. Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Бидайды шашу және жинауды, ереже бойынша ойнауды үйрету. Қимылептілігін дамыту. (дене тәрбиесі)	Дене тәрбиесі «Нан болса, ән де болады». Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардан аттап жүру дағдыларын жетілдіру; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; ағзаның дұрыс дамып, жетілуі үшін күнделікті ішіп жүрген тамақтың маңызы туралы ұғымдарын кеңейту; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыта отырып, балалардың заттардан аттау кезіндегіептілік қабілеттерін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету. «Кедергіден аттап жүреміз» ойыны. Мақсат-міндеттер. Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. (дене тәрбиесі)	Музыка "Балабақша әніміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. «Тәбетіміз ашылды, ас болсын!» (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Есесектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі илгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.				
Серуен	Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған	«Қауіпсіздік». Сары жапырақтарды	Бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен	«Қауіпсіздік». Жүк көлігін бақылау.	«Қауіпсіздік». Аулаға ұшып келген

	әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің күннің бұлтты, салқын болатынына көңіл аударту, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. – Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. – Аспанға қараңдаршы, балалар, аспанда сұр бұлттар ұшып барады. – Адамдарға қараңдаршы, балалар, ауа салқын, адамдар жылы киінді. Қ. Ыдырысов «Күзім». Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауды ұсыну. Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. «Біз шалқандай өстік» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Балаларды шоқайып отыру және орыннан тұрып, белгілі қимылдарды жасауға ынталандыру; шалқан көкөнісінің бақшада өсуі туралы ұғымдарды қалыптастыру; жаттығу жасағанда жағымды көңіл күйге бөлену қабілетін қалыптастыру. Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру), Күнге қолды создық (жоғары созылу). Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау), Қайта жерге отырдық (қайта отыру). Д. Ахметова «Бірге жүгірейік» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)	бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жергі түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. М. Әлімбаев «Ұшты талдан жапырақ». Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. Балаларды көркемсөздер бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауды ұсыну. Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. «Кім тыныш?» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру. Балаларға бір бағытта тыныш жүру әдебін үйрету, табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгіге сай қозғалуға ынталандыру. Педагог: – Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... – Қане, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... – Бұл жақта не бар екен? – Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. «Көлшіктен өт» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір орында тұрып, ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. Қ. Мырза Әли «Аспанда». Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға гүлзардың ішінде құрап жатқан жапырақтарды тазалауды ұсыну. Мақсат-міндеттер. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. «Бұлттар ұқсап ұшайық» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту. – Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. – Мен сендерге: «Қатты жел соқты!» деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, «ұшасыңдар». Педагог көркемсөзді қайта оқи алады. «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер. Барлығы тату ойнап, ойыншықтарын қызғанбай ойнауды үйрету. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	(қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерінің бірі, жүк көлігімен таныстыру; ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту. Гүрілдеп жүремін мен, Бақтан алма әкелем. Қанекей, қақпаны ашыңдар, Аула жолынан қашыңдар. Төгілген аулаға Алманы да, картопты да, Еңбек жемісін қадірлеп, Жинайық біз қоймаға. (Д. Ахметова) Балаларға көлік қозғалысын бақылауды ұсынады. Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны жүргізуші басқаратынын түсіндіреді. Машинада шұнақ, кабина, дөңгелек, рөл болатынын айтады. Бұл – үлкен, жүк таситын көлік. Ол жүк тасиды, жолмен жүреді, дыбыс шығара алады. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауды ұсыну. Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. Қимылды ойын: «Паровоз» (дене тәрбиесі). Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Балаларды бірінің артынан еріп жүруге, белгі бойынша тоқтауға үйрету; кеңістікте бағдарлау, колоннада арақашықтық сақтауға баулу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. «Әй! Бауырсақ, бауырсақ!» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балаларды сапта (марш) адымдап жүру қимылдарын орындауға жаттықтыру, педагогке еліктеп, қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. – Әй, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау) Әй, Бауырсақ! Міне, алысқа жолақ. Жалғыз болып, қалдың ба?	құстарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) бақылауды, оларды "құстар" деп атауға, негізгі дене бөліктерін байқауға үйрету; құстардың қимылдары ерекшеліктерін еліктеуге ынталандыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. Балалардың ұшқан құстарға аудару. Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден бидай шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Торғай, торғай тоқтаған Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштардан құмның бетіне түсіп қалған ұсақ қоқыстарды тазалауды ұсыну. Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін дамыту. «Мысық пен тышқандар» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Балаларға белгімен қозғалу әдебін үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса, Аулаға шығып ойнайды. Ай-ай-ай! Тышқандар-ай, Жақындайды мысық жай! Шеңберден асыңдар, Қашыңдар! (Д. Ахметова) Соңғы сөздерді айтқанда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. «Ирелеңдеген жолдармен» ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Шағын топпен

	Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды,ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.			Тоқтамай жүр, адымда! Бір-екі! (адымдау) Бір-екі! Боласың бізбен епті. Сенгіш болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! «Шеңберге дәлде» ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 м арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру. Балалардың нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ату,ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.	және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауды үйрету. Балалардың ойыншықтармен дербес ойындары.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, көркемсөз) Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай! Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай ... Д. Ахметова Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.				
	«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Тіл ұстарту жаттығулары. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. ра-ра-ра-ара ор-ор-ор-тор ро-ро-ро-рома ру-ру-ру-кару ар-ар-ар-кар ур-ур-ур-ура Р- дыбысын буында, сөзде қайталаймыз: Ра-ра-ра- қозыға жақсы қара. Ры-ры-ры- жинап алдым тары. Ар-ар-ар- далада қалың қар. Ыр-ыр-ыр- жаттап алдым жыр. Ра-ра-ра- Айжан шашыңды тара. Ыр-ыр-ыр- ырылдайды қасқыр. Ра-ра-ра- бал жинайды ара. Мір-мір-мір-қап- қара көмір. Тоқылдақ ағашты қалай тоқылдатады? Тр-тр-тр. Мысық қалай дыбыстайды? Мр-мр-мр. Қарға қалай қарқылдайды? Қаррр-қаррр-қаррр.	ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. (тіл дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі) Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді есте сақтауға баулу. "Мысық" Мысық отыр, Үйқысы әбден қысып отыр, Май берейін, Шайнап отыр, Тышқан берейін, Ойнап отыр! *** Мысығым-ау, мысығым! Көзі сығыр қысығым, Мысығымнан айналдым Пырылдаған бұзығым, Мысығым-ау, мысығым!	Мақсат-міндеттер: балалардың қыстайтын аңдар арасынан ұйқыға бататындарды ажыратып, аңдардың қысқы тіршілігі жөніндегі білімдерін пысықтау. Шарты: аңдардың суреттеріне қарап арасынан қысқы ұйқыға бататындардың суреттерін бөліп алу. Таңдауларының себебін түсіндіру. "Дайын пішіндерден бейнені жасау" жаттығуы. (жапсыру) Мақсат-міндеттері. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.	Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Қауіпсіздік. "Мен және мен туралы" жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бес тас" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	айту, жаттау жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту өнеріне баулу, қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. "Пазлды құра" ойын-жаттығуы. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер: қоршаған заттар туралы түсініктерді тиянақтау; құрастырылған пазл бөлшектерінің кеңістікте, жазықтықта, орналасуын айқындау, тұтас бейнені құрастыруға ынталандыру; салыстыру, жалпылау, заттарды дұрыс атауға; қодың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу; 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				

	Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды, асты төкпей-шашпай жеуді үйретуді жалғастыру. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Әжелер мектебі»: қабылдау бөлмесін "Қоршаған әлем" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: үй өсімдіктері, қоршаған әлем заттары, құралдар жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: "Күй күмбірі": "Ерке би" (Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-iii «Өнегелі»: Саяхаттар мен жаңалықтар. Тақырыбы: «Біздің айналамыздағы әлем». Мақсаты: балалардың ой-өрісін кеңейту.				
	Қоршаған әлем туралы суреттер қарастыру және әңгімелесу. (тіл дамыту дамыту мен көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға үйретуді жалғастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Қыс қызығы туралы әңгімелесу. Мнемотехниканы қолдану. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Шаттық шеңбері (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) «Табиғатпен үндестік» Шөліркемей гүл тұрсын! Жерім жайнап құлпырсын! Нұрын сыйлап біздерге Көкте мәңгі гүл тұрсын! Нұр сыйлаған күн ыстық Ыстық бізге кең өлке Ыстық бізге тыныштық! Қауіпсіздік. "Мен және мен туралы" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту.	"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; құстар, өсімдіктер, жануарлардың жіктелуі туралы ұғымдарын жетілдіру; ойлау қабілетін, қиялдарын, зейіндерін дамыту; сөздік қорды белсендіру; тапқырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады.	Көркемсөзді жаттау жаттығуы. Санамақ (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту өнеріне баулу. Үй жануарлары атауларын айтқызып, сөздік қорды белсендіру. Артикуляцияны, тыныс жүйесін жетілдіру. Қадыр Мырза Али "Санамақтар" Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық,құлан, Көжек, қоян, Бақа,шаян, Торғай,шымшық... Сен, қал! Сен, шық!
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Допты екі қолымен лақтыру". Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүру және жүгіруге дағдыландыру; педагогтің белгі беруі бойынша 1,5 мин қалыпты жағдайда жүгіруге үйрету.	Музыка "Мысығым". Мақсат-міндеттер: Балаларды мысық туралы әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды дамыту. Әннің әннің сөздік мағынасын түсініп айтуға үйрету; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру.Дене тәрбиесі Қазақ тілі "Жиһаздар. Балықты бақылау." Мақсат-міндеттер. Жиһаз түрлері, қолданысы, адам өміріндегі орны туралы түсініктерін нақтылау; «жайлылық» сөзінің мағынасын түсіндіру. Балаларға әңгімені зейін қойып тыңдауды, мәтіннен таныс сөздерді тауып айтуды үйрету. Еске сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін,	Дене тәрбиесі "Доппен жаттығулар түрлері". Мақсат-міндеттер: балаларды табанның ішкі жағымен жүруге; тізені жоғары көтеріп жүгіруге; көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеуге үйрету.	"Доппен ойындар". Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұруға; допты екі қолымен басынан асыра лақтыруға үйрету.	Музыка "Мысықтың жасырған құпиялары". Мақсат-міндеттер: балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру.

		сөйлеу тілдерін дамыту; айналасындағы заттарға қызығушылықтарын арттыру. Көру және тәжірибені қортындылау арқылы заттарды сәйкестендіру, жіктеу барысында (киімдер мен ыдыстар) логикалық шешім табуға үйрету; ұйымшылдыққа, зейінділікке, үлкендер мен жақындарына деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.			
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) «Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру, жүйеге салу: өз бетінше киіну мен шешіну, киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; барлық түймелерін түймелеу, ілмекті салу, бір-біріне көмектесу; өз киімдерін тану, атау, күту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын бекіту (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянышпен ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстары (қар) туралы ұғымдарын кеңейту, қардың жауынын байқау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, сұрақтарға толық жауап беруге ынталандыру. "Қар" сөзіне түбірлес сөздерді сөздік қорға қосу. Сөз өнеріне баулу. Қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады, қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: орындықтар үстін қардан тазалау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.	Қыстайтын құстарды бақылау. Сарыбауыр шымшық (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау. Қыстайтын құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға баулу. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Сарыбауыр шымшықты Кім кешеден көріпті? Кішкентай, бұл батыл құс Суық қысқа төзіпті. Ешқашан шаршамайды, Ешбір істен қалмайды, Сарыбауыр шымшық құс Қорек іздеп, талмайды. Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру; қамқорлыққа тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.	Мұз сұңгісін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау, қар қасиеттерін анықтау. Қазақстан аймақтарына тән ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (қар, мұз) кеңейту. Сөз өнеріне, өлеңді тыңдауға баулу. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар: 1) Мұз қандай болады? 2) Оның пішіні қандай? Сәбіз сияқты. 3) Мұз қалай пайда болады? 4) Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма? 5) Олар қайдан пайда болады? 6) Осыдан қандай қорытынды жасауға болады? Көркем сөз. Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайды жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Көк терек-ау, көк терек, Суықта жаның – шүберек. Қалайша өңің кеткен? Жапырақтарың түскен. Жалаңаш тұрсың, бозарып, Ұшқан желге ұзарып. Ызғарлыға тоңбайсың ба? Жалғыздықтан тозбайсың ба? (Д. Ахметова) Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Жорамал: қыс аязды болса, жаз ыстық болады. Жұмбақ. Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды сыпыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие». Желді бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, қар, боран) кеңейту. Желдің бағыт анықтауға үйрету: бұтақтардың шайқалауы, жалаулардың желпілдегені. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешуге баулу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, толық жауап беруге баулу. «Жел туралы жұмбақ» Д. Ахметова Шаңдатып, шашыратып топырақты, Шайқап бұтақты, желпілдетіп жапырақты, Ұшып келді көзге көрінбейтін кейіпкер. Танысаң, бұл құбылыс ... (Жел). Сұрақтар: 1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтінінен - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады. 2. Қыста жел қандай болады? «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау.

	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Алаңда дұрыс қозғала білуді, бір-бірлеріне кедергі жасамауды, дабылға жылдам назар аудара білуді жетілдіру. «Аңшы мен кояндар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Нысанаға затты лақтырып тигізуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау. «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Жеке жұмыс. (тіл дамыту және көркем әдебиет) «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. Жұмбақ. Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (Қар)	(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. - Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! Мысық: Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейік. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Бәйге» ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Дербестік танытуға баулу. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. Қауіпсіздікті қадағалау. "Кім жоғары?" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.	дағдылары) Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындауға ынталандыру. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздікті қадағалау. Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақтың ұлттық қозғалмалы ойыны «Ақ сандық, көк сандық». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балалардың қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді (шапшаңдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілікті) дамыту; ойын ережелерін бұзбай, саналы түрде сақтауға, ойнай білуге баулу; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, достыққа тәрбиелеу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. «Қоянның үйшігі» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойында дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. «Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.	кезінде балалардың бастамасын қолдау. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындауға ынталандыру. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздікті қадағалау. «Айлакер түлкі» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Жүгіру түрлерін жетілдіру. Жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Қауіпсздікті қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қара сиыр» ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Спорттық жаттығулар. «Кегліні құлат» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Кегліні құлата отырып, клюшканың көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау.	«Қоймадағы тышқандар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға, жылдамдыққа, икемділікке,ептілікке тәрбиелеу. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. "Құрсауды ұстап ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жұпта тұрып, құрсауларды бір-біріне домалатуды жаттықтыру; шапшаңдыққа, ептілікке, дәлдікке тәрбиелеу. «Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету. Жеке жұмыс: екі аяқпен бірдей басып қарлы жолмен секіру. Жорамал: қарғалар мен шауқарғалар ағаштың төменгі бұтақтарына отырса, күн желді болады. Еркін ойындар. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. (дене тәрбиесі)
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері.				

	«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары) Тамақтану әдебін сақтауды, дағдыларды жетілдіру. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың.				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. (дене тәрбиесі)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Қаршақыз» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті) Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Аушы қарға» ертегісін тыңдату.	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні». (музыка)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу. Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. (дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету". (еңбек дағдылары, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (ден тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Тиін жаңғақ кеміріп отыр". Мақсат-міндеттер: тиінді құрама амалдармен мүсіндеуді үйрету; аңның сыртқы түрінің сипаттық белгілерін көрсетуді үйрету. «Күн тәртібі» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттер. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы түсініктерді бекіту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау	Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер: дәріхана қызметкерлерінің мамандықтары туралы білімдерін кеңейту: фармацевт дәрі-дәрмек жасайды, кассир-сатушы оларды сатады, дәріхана меңгерушісі дәрі-дәрмек жасау үшін қажетті шөптер мен басқа да препараттарға тапсырыс береді, балалардың сөздік қорын кеңейтеді. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Қазақ ұлттық қимылды ойындарына қызығушылықты дамыту. Бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту. Ойын ережелерін	**Вариативтік компонент** Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта" (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады. "Не (кім) қалай қимылдайды?"	Математика негіздері "Алан мен Дананың сүйікті кейіпкерлері". Мақсат-міндеттер: балаларды көрші сандар ұғымымен таныстыру; 5 көлеміндегі сандардың көршілерін дұрыс тауып, оларды атауға үйрету. Театрды сахналау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) "Орман дәрігері" ертегісін алжапқыштарды пайдаланып сахналық қойылымын қою. Мақсат-міндеттері. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру.	«Үй жануарлары мен төлдері». (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларымен таныстыру, төлдерін айыра білуге үйрету. Ойынның шарты: үй жануарларының төлдерін айыра білу. «Аналар мектебі». «Өнегелі тәрбие». (еңбек дағдылары) Табиғат бұрышындағы еңбек әрекеті: "Бөлме өсімдіктерін жуу". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, суару, жапырақтарын жуу; суару әдістері (тегенеде, жапырақтардың астынан) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; бөлме өсімдіктері туралы ойларын нақтылау. Жабдықтар: су бүркегіштер,

	және анықтау. Күн тәртібі мен тәулік бөліктеріндегі іс-әрекеттерді дұрыс сәйкестендіру дағдыларын дамыту.	саналы түрде сақтауға баулу. Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер: балаларды шешендікке, сөз өнеріне баулу; қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға ынталандыру; отбасындағы үлкендерді сыйлауға, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу, құрмет көрсету қағидаларына, әдептілікке тәрбиелеу. Жақсы ата – орман, Жақсы бала қорған. Отан - қуат, Отбасы - шуақ.	дамытушылық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.		сорғыштар, мата шүберектері, тегенелер, төсеніш, су құйғыш, алжапқыштар. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойын "Бес тас". (дене тәрбиесі, математика негіздері) Мақсат-міндеттері. Қазақ ұлттық қимылды ойындарына қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.
Балалармен жеке жұмыс	«[р] дыбысын ұстап ал» ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Балалардың дыбыстарды есту, ажырату қабілетін жетілдіру; шапшаңдыққа, мұқияттылыққа баулу. - Балалар, сендер [р] дыбысы бар буынды немесе сөзді байқасаңдар, қол шапалақтаңдар. Буындарда: та, па, ра, ро, пе ал, ар, со, ре, шу, су, ру, бақ, бар, бел, бір, сым, сыр, тек, тер, тал, тар, тыс, тыр, көл, көр. Сөздерде: кітап, парта, қалам, сызғыш, өшіргіш, дәптер, күнделік, қарындаш, алма, сарымсақ, робот, тақия. Арман, Марал, Құндыз, Арай, Қайрат, Қуат, Ажар.	Санамақтар ауты жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Санау дағдыларын жетілдіру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ айту өнеріне баулу. Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қырқылдауық, Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! Жұмбақ шеші жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешу өнеріне баулу.	"Үй жануарына күтім жасау" тақырыбына әңгімелесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.	«Не артық?» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың логикалық ойын дамыту. Сиыр, ешкі, жылқы, аю. Жолбарыс, арыстан, сиыр, қасқыр. Бұзау, құлын, қозы, түлкі. Бүркіт, қарға, сауысқан, торғай.	Баламен еркін таңдаған кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу. (тіл дамыту мен көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. "Боямақ беттеріндегі суреттерді бояу. (сурет салу) Мақсат-міндеттер. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, бейне сұлбасын бояуға баулу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Шығармашылыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянышпен ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	Қыстайтын құстарды бақылау. Торғай (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылау	Құстарды бақылау (сары шымшық, сауысқан, торғай, көгершін) (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Қауіпсіздік». Күннің ұзақтығын байқау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Экологиялық тәрбие». Аққайыңды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие». Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау. Қарағай. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл

	барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау. Қыстайтың құстардың, торғайлардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Балалардың әртүрлі іс-әрекеттерінде өлеңді тыңдауға баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Жақан Смақов "Торғай ағаш қорғайды" Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. "Мөңке мен шортан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Балалардың алаңда еркін жүгіру дағдыларын дамыту, белгі бойынша «тасқа» тығылып, еңкейіп, отырып қалуды жаттықтыру. «Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға	Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау. Қыстайтың құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. "Торғай" (ел аузынан) Торғай-торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтыйып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Тоғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру; қамқорлыққа тәрбиелеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қара сиыр» ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. "Құрсауды ұстап ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жұпта тұрып, құрсауларды бір-біріне домалатуды жаттықтыру; шапшаңдыққа,ептілікке, дәлдікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар.	Мақсат-міндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу. Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. Дала аппақ, жапалақтап, Қар жауып тұр тынбастан. Қалың орман, қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан. «Қауіпсіздік». «Екі аяз» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді (екі аязды) орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлауға, тез жүгіруге жаттықтыру. Жүгіруде қауіпсіздікті қадағалау. "Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баул. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін, қауіпсіздік сақтай білуді дамыту. "Кім жоғары?" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші	Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің бұталар және ағаштарға жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту; аққайыңның айырмашылығын байқауға, қыс мезгіліндегі өсу ерекшеліктерін түсінуге үйрету; аққайыңның пайдасы, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Балалардың әртүрлі іс-әрекеттерінде өлеңді тыңдауға баулу. "Айналайын, аққайың" (Д. Ахметова) Айналайын, аққайың, Еңкейесің жел соққан сайын, Аппақсың, Нәзіксің, Жіңішкесің, Биіксің. Аянбайсың, Қуаныш сыйлайсың Саған қолын созған адамға, Құс пен аңға. «Аңшы мен кояндар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Нысанаға затты лақтырып тигізуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау. «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.	дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Балалардың әртүрлі іс-әрекеттерінде өлеңді тыңдауға баулу. Қарағайдың пайдасы адам, жан-жануарлардың тіршілігіне пайдасы туралы түсіндіру. "Қарағай ағашы" Қарағай ағашын көргенбіз жуықта, Қарағай ағашы төзімді суыққа. Шашпайды қылқанын, Жаяды ұшарын, Аңқыған хош иісін Таратып аймаққа. (Дина Ахметова) "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. - Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? «Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға

	ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.	бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.	«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.				
Кешкі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау.	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды

	Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен тренинг жүргізу. Тақырыбы: «Сіз қандай ата-анасыз?»	Балаға қандай жиһаз қауіпсіз екендігі туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Баланы «таяқсыз» да тәрбиелеуге болады.	«Біздің қысқы демалысымыз» тақырыбында газет шығару.	Әңгімелесу. «Туған жерім тамаша».	

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ТОО Korkem baby балабақшасы
Топ: ересек « Ботақан» топ
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **02.02 - 06.02.2026 ж.**

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
«Жаңа дүниені көру және жасау аса зор қанағат береді». Вольтер					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Баяндама: «Бала дамуына керекті ойындар».	Айына бір рет отбасы күнін өткізу.	«Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.	«Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?»
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту". Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету;	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктерін суару". Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек

эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек дағдылары) «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. «Дүкенші» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсінуге көмектесу. Дүкеншінің еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Балалардың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге ынталандыру. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу. Ойынның шарты: тәрбиеші дүкенші болып ойнайды. Балалар сатып алушы болады. Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білгізу.	балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Тақпақ жаттау жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді есте сақтауға баулу. Монтер ағай Ағай епті қолымен Жүреді ылғи от беріп. Тарам-тарам жолымен Жүгіреді ток келіп. Көшеде, үйде, кеңседе Жүреді ағай шам жағып. Түн ішінде келсе де, Ол жүрген жер жап-жарық. (Мұзафар Әлімбаев) Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру". (қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту және бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара карындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа). келісім.	білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Тақпақ жаттау жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді есте сақтауға баулу. "Шахтер" Шахтерді ел біледі, Оған сарай – жер асты. Көмір қазып жүреді, Сорғалатып тер ащы. Бала оқитын зәулім үй Қалмауы үшін суынып, Үйіп көмір тауды ылғи, Береді ол жылылық. (С.Мәуленов) Боямақ суреттермен жаттығулар. (сурет салу, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды, сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, қауіпсіздікті сақтауға баулу; қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.	Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу: алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды (қажет болғанда, жуу, кептіру) сүрту және орнына қою. Тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. «Біз құрылысшымыз» ойыны. (құрастыру) Балаларға құрылыс материалды ұсынамын, үлгі бойынша заттарды құрастыру. Құрастырылған заттардан көрме ұйымдастыру. «Мозаика» ойыны. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі.	материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу. «Дүкен» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету. Санамақ айту жаттығуы. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Шешендікке, сөз өнеріне, санамақ айту өнеріне баулу. Санамақтың сан түрін, Кәне, біздер санайық! Онға дейін санды біз Қолымызға алайық! Бір,екі, үш Таңдайықшы түс. Төрт,бес, алты Тату доспыз жалпы. Жеті, сегіз, тоғыз Мынау - қоңыр қоңыз, Мына саным-он, Қыста кием тон.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау. 1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау; 2-сол аяқты оның қасына алып келу;				

	3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау; 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру; 2-оңға иілу; 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру; 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды, асты төкпей-шашпай жеуді үйретуді жалғастыру. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Көркем сөз Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. Салт-дәстүр. Жолаяқ. Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Мамандықтар" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы адам таңдайтын мамандықтар және олардың ерекшеліктері жайында суреттерді қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: "Күй күмбірі": Ерке сылкым (Әбдімомын Желдібаев) «Өнегелі»: Музыка және дыбыстар. Тақырыбы: «Айналамыздағы музыка». Мақсаты: музыкалық есту қабілетін және музыкаға қызығушылықты дамыту.				
	"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу. (тіл дамыту мен көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Мамандықтар туралы тақпақтар жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді есте сақтауға баулу. "Құрылысшы" Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. Ш.Садыханов	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. (тіл дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйретуді жалғастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	"Қай маманның құралы?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту мен көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, математика негіздері) Мақсат-міндеттері. Мамандықтар иелері туралы түсініктерді тиянақтау. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.	"Ата-анамның мамандығы" тақырыбына әңгімелесу. (тіл дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балаларды суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйретуді жалғастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Доғадан өрмелеу". Мақсат-міндеттер: бір орыннан (қашықтығы 50 см) ұзындыққа секіру (8-10 рет); 6 м қашықтыққа дейін допты жерге ұрып, жүру (2-3 рет) және топпен қолын жерге тигізбей доғадан (биіктігі 40 см) өрмелеп (2-3 рет) өтуге жаттықтыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, қауіпсіздікті сақтау. Дене сапаларын: күш, ептілік, икемділікті дамыту. Негізгі	Қазақ тілі "Мамандықтар. Диалогтар." Балалардың ұғымындағы мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды бірнеше мамандық иелерін қолданатын құрал-жабдықтары арқылы ажыратып, атауды үйрету; диалог сөйлеуді жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, көру және есту арқылы қабылдауларын, қатынастық дағылырын дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, түрлі	Дене тәрбиесі "Жұптасып шынығайық". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіруге үйрету. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, қауіпсіздікті сақтау. Дене сапаларын: күш, ептілік, икемділікті дамыту. Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіруді жетілдіру.	Дене тәрбиесі "Мықтылар жарысы". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқты бірге қойып секіру; допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыруға үйрету. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, қауіпсіздікті сақтау. Дене сапаларын: күш, ептілік, икемділікті дамыту. Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды,	Музыка "Көңілді арбакеш". (Бекіту) Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.

	қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды жетілдіру.	мамандық иелеріне деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Музыка "Көңілді арбакеш". Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.		қағып алуды жетілдіру.	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) «Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру, жүйеге салу: өз бетінше киіну мен шешіну, киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; барлық түймелерін түймелеу, ілмекті салу, бір-біріне көмектесу; өз киімдерін тану, атау, күту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын бекіту (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	«Өнелегі тәрбие». «Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушының еңбегімен таныстыру, қызметі маңызын түсіну. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды ағаштардан түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Қауіпсіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Терезе сыртында не деген ғажайып! Алақай! Қыс түсті аулаға марқайып. Аппақ қар, үлпілдек, жер бетін жаулаған, Аулада балалар қарларға аунаған. Аулашы ағайдың, байқасақ, таң атпай Қолынан түспейді күрегі алыптай. Көппіз ғой, балалар, шығайық аулаға, Көмекші болайық аулашы ағайға. (Дина Ахметова) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды сыпыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін	Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Көлік түрлері туралы білімді жетілдіру. Адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Тапсырма. «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Сұрақтар. 1. Бұл машинаның аты қалай? 2. Ол не істейді? 3. Ол қарды қалай жинайды? 4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер? Көркем сөз. Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұратын Пойызды біз құрайық. Жорамал. Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».	«Өнегелі тәрбие». Жеткізушінің еңбегін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіндіру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. "Жеткізуші кім?" – десеңіз, Жауапты жылдам береміз: "Өнері асқан бұл маман Жүйрік, алғыр да шапшаң, Қалаған затты уақытында Жеткізеді адамдарға. Жаңбыр болсын, қар жауыны Кедергі болмайды, өйткені Жеткізуші сөз берген: "Қайтсе де, тауарды жеткізем!" Рақмет айтамыз, күлімдесіп, Аяғына дерт бермесін, Еңбегін аямаған біз үшін Сау болсын жеткізуші. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: орындықтар үстін қардан тазалау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. «Біз көңілді баламыз» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды	«Қауіпсіздік». Күн көзін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, әртүрлі іс-әрекетте өлеңді тыңдауға баулу. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Күннің көзін қыс мезгілімен байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқа әрі суық. Қыста қараңғы ерте батады. Көлеңке ұзарды. Күн - адам, жан-жануар, өсімдіктердің - тіршілік бастауы. Ғафу Қайырбеков Қыстағы күннің қызығы-ай, Жалғасып ұзақ ақ таңға, Тұрады көкте жүзіп Ай Күн шығып келе жатқанда. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды сыпыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына	Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, сұрақтарға толық жауап беруге тынлатандыру. Сөз өнеріне баулу. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді. Көркем сөз. Қыстың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астын ораған ақ қармысың. Алай-түлей бораның, аязың да, Әппағым-ау, аз-аздан шақтармысың?! «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарға құм себу. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындауға

	жеткізе білу, оны жақсы орындауға ынталандыру. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздікті қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. «Қыз куу» қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Аланда дұрыс қозғала білуді, бір-бірлеріне кедергі жасамауды, дабылға жылдам назар аудара білуді жетілдіру. «Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Секіру қимылдарын жетілдіру. Достыққа тәрбиелеу. "Құрсауды ұстап ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жұпта тұрып, құрсауларды бір-біріне домалатуды жаттықтыру; шапшаңдыққа,ептілікке, дәлдікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау. Екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға қозғау. (дене тәрбиесі)	«Қара сиыр» ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. «Аңшы мен кооядар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Нысанаға затты лақтырып тигізуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау. "Допты қағып ал" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.. Жеке жұмыс: шаңғы тебе білуге үйрету. Шаңғы жолымен сырғанап отырып жүру.	ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру. Қауіпсіздікті қадағалау. Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақтың ұлттық қозғалмалы ойыны «Ақ сандық, көк сандық». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балалардың қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді (шапшаңдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілікті) дамыту; ойын ережелерін бұзбай, саналы түрде сақтауға, ойнай білуге баулу; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, достыққа тәрбиелеу. - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Жеке жұмыс. Жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру. (дене тәрбиесі) Кім бәрінен алысқа лақтырса, сол жеңімпаз. Жұмбақтар. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді, Аузы жоқ ұлиды. (боран) Мәтел. Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр.	дейін жеткізе білу, оны жақсы орындауға ынталандыру. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздікті қадағалау. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. - Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! Мысық: Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. Қимылды ойын. «Жұп болып эстафета ойының жүргізу». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: шанамен сырғанақ тебу. Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелеу.	ынталандыру. Еңбек тапсырмаларын орындауда қауіпсіздікті қадағалау. "Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баул. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін, қауіпсіздік сақтай білуді дамыту. «Қоянның үйшігі» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойында дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары) Тамақтану әдебін сақтауды, дағдыларды жетілдіру. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру.				

	Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. Салт-дәстүр. Жолаяқ. Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. Г.Х.Андерсеннің «Түймеқыз» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. Көркем сөз Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету". (еңбек дағдылары, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Құрастыру* "Бағдаршам". Мақсат-міндеттер: балаларды лего құрастыру материалдарынан бағдаршамды құрастыруға үйрету; жол белгілерін ажырату, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту; көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; бағдаршам және оның шығу тарихи, құрылымы жайлы ақпарат беру. "Қайда барасың? Сонда не табасың?" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлауға үйрету. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Сөздік қорды белсендіру. «Тігінші» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Мақсат-міндеттер. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсінуге көмектесу. Тігіншінің еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Балалардың әрекеттерін қолдауға, бірге,	Тіл ұстарту. жаттығуы "Кім не істейді?" (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Тасшы тас қалады, Басшы басқарады. Досшыл – дос табады, Қасшыл – қас табады. Төсшіл – төс қағады, Асшыл – ас бағады. Бәсшіл – бәстеседі, Мәсшіл – мәс теседі. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Аударыспақ" (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. «Аударыспақ» ─ өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың	**Вариативтік компонент** Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Жануарлар емшісі (мал дәрігері)" Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру. Мақсат-міндеттері. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну. Сөздік қорды байыту. «Шаштараз» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсінуге көмектесу. Шаштараздың еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Балалардың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге ынталандыру. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.	Қимылды ойын. Допты ұстап алу (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жүргізушіден басқа балалардың бәрі шеңбер құрап тұрады. Балалар допты бір-біріне береді. Жүргізуші шеңбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұрған ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шеңбердің сыртына шығады. Ойын қайталанады. Ойын ережесі: балалар допты бір-біріне берген кезде орнынан шығып кетпеуі тиіс. Жүргізушінің шеңбер ішіне кіруіне тыйым салынады. Допты қалаған бағытқа қарай беруге болады. Бірақ оны тек жанында тұрған балаға ғана береді. Ойын басталған кезде доп жүргізуші тұрған тұстан бастап беріледі. Танымдық, эксперименттік іс-әрекет: «Мен зерттеушімін – өнертабысқа алғашқы қадам». (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, тұман, қар, боран) кеңейту.	«Мен зерттеушімін – өнертабысқа алғашқы қадам». Танымдық, эксперименттік іс-әрекет. Қамыр илеу. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Қағаздан құрастыру техникаларын жетілдіру жаттығуы (құрастыру) Мақсат-міндеттер. "Оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер (қызғалдақты) құрастыруды жетілдіру (қағаздың парағын ортасынан бүктеп, бұрыштарын және қырларын біріктіру). Ойлау, елестету қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. "Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсінуге көмектесу.

	келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге ынталандыру. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Көрнекіліктер: киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар (ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.	жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір- біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.		Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты). Театрды сахналау. ""Қорқақ қоян" ертегісі". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру.	Дәрігер, медицина қазметкері еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Балалардың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге ынталандыру. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді есте сақтауға баулу. "Дәрігер" Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жең деймін.	Артикуляциялық жаттығу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. «Сағат» - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.	Мүсіндеу техникаларын жетілдіру жаттығуы. (мүсіндеу, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу, бөліктерді біріктіру, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді қазақ ою-ларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Айналасындағы заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды талқылауға мүмкіндік беру	«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардан бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.	Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянышпен ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие». Қарағашты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Қарағашты неге солай атайды? Суық пен ыстықта ағаш неге солмайды? Қарағаштың діңдегі Әжемнің әжіміндей, Қарағаштың тамыры Тарайды өрімдей. Суық пен ыстыққа қарағашым-ай төзеді,	«Қауіпсіздік». Автобусты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. "Қоғамдық көлік аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету. Қоғамдық көлікте әдептілік ережелерін қайталау (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Балаларды жол қозғалысы ережелерін бекіту. Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус)	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие». Шыршаларды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Ескен Елубаев "Шырша қаншада?" Жапырақ сарғайғаны – Қартайғаны. Қара шаш ағарғаны – Қартайғаны. Боз жусан қарайғаны – Қартайғаны. Осыдан байқағаны:	«Экология». Кешкі уақыттағы күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Күннің кешкі уақытта төмен түсіп, батып, түннің басталуына ықпал ететінін түсіндіру. Сөз өнеріне баулу, мақал-мәтелдің мәнін түсінуге көмектесу. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну.	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие». Қыстайтын құстарды бақылау. Қарға (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау. Қыстайтын құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. "Қарға". Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар.

	Бұтақтарын жан-жаққа жайып өседі. "Шыда, шыда" - деседі ол жолаушыға, Көлеңкесін дарып, пана беріп сұраушыға. (Д. Ахметова) «Аңшы мен кояндар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Нысанаға затты лақтырып тигізуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау. «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	*** Көлікке мінсең, жолаушы, сөйлеме. Жүргізуші назарын ешқашанда бөлме. Ережені бұзба, тыныштықты сақта. Жүйрік көліктің бағытын бөгеме. (Дина Ахметова) "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Құрсауды ұстап ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жұпта тұрып, құрсауларды бір-біріне домалатуды жаттықтыру; шапшаңдыққа, ептілікке, дәлдікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	Тек қана жасыл шырша Өң беріп қартаймайды. Қанша жас жасағанын Ешкім де айта алмайды. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қара сиыр» ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. «Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	Мағжан Жұмабаев Алтын күн батып барады, Күйдіріп көктің жиегін. Күн туралы мақал-мәтелдер: – Соқырға күн де қараңғы, түн де қараңғы. – Батар күннің атары бар. «Күн мен түн» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойыншы мәдениетін қалыптастыру. Мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.	Боран соқса, қор болар, Бұтаға келіп қорғалар. Қысып кетсе сары аяз, Көзден жасы сорғалар. Қар үстінде жем көрсе, Қапелімде қолға алар. Екі шоқып бір қарар, Деп «жолымды аңғарар». «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру; қамқорлыққа тәрбиелеу. «Қоймадағы тышқандар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға, жылдамдыққа, икемділікке, ептілікке тәрбиелеу. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. «Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Көркем сөз Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. Салт-дәстүр. Жолаяқ. Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.				
	Достарменен бірге жүрсең, Жақсы әуен тынбасын. Қара бұлтта сейіледі, Дос жүрегін тыңдасаң. Достарменен қол ұстассаң, Ешқашан қор болмайсың. Ұқсағың кеп жан досыңа, "Кең мұнара" салғайсың. "Не зат, не үшін керек?" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Сөздік қорды молайту. Затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу.	пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балаларға таныс мүсіндеу техникаларын жетілдіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Төрт түлік және оның төлдері, оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. "Қайда барасың? Сонда не табасың?" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлауға үйрету. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Сөздік қорды белсендіру.	Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. «Салт-дәстүр» тақырыбында фото суреттер қарастыру. Суреттер бойынша әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, дәстүрлерді үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға жаттықтыру. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)	ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. Қағаздан құрастыру техникаларын жетілдіру жаттығуы (құрастыру) Мақсат-міндеттер. "Оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер (марғауды) құрастыруды жетілдіру (қағаздың парағын ортасынан бүктеп, бұрыштарын және қырларын біріктіру). Ойлау, елестету қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. «Қаржылық сауаттылық». "Автобус" ("Трамвай", "Пойыз") сюжетті-рөлді ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсінуге жағдай жасау. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. "Қоғамдық көлік аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру; қызмет (еңбек) жасау үшін төлем, жол ақысы туралы түсініктерді ойын барысында тиянақтау. Бес саны аясында санауды, "көп", "аз", "кем" деген ұғымдарды жетілдіру. Келісіп ойнауға, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.	Ойынның барысы. Балалар дөңгеленіп тұрады, жүргізуші қолында эстафаталық таяқша болады. Жүргізуші бір ертегі кейіпкерінің атын айтып, қолындағы таяқшаны қасындағы балаға береді. Таяқшаны алған бала сол ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекет қимылына байланысты сөз айтып, келесі балаға тездетіп таяқшаны беруі тиіс. Жүргізуші қолына таяқша қайтып келгенде, ол жаңа сөздер айтып, басқа балаға бере бастайды. Балалар сөз тауып айта алмаса, айып салынады. Театрды сахналау. (тіл дамыту және көркем әдебиет) "Аю мен Маша" ертегісінің желісін үстел театры арқылы сахналау. Мақсат-міндеттері. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру; ертегі желісінің мазмұнын білуге үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	«Әдемі кілемшелер». (Сарғыш марғауға кілемшелер жасау) (жапсыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып,	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Төрт түлік, жабайы аңдар туралы ұғымдарын бекіту. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау.	Жаңылтпаштар жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, жаңылтпаш айту өнеріне баулу, жаттату. 1) Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2) Омар томар алар, Орал орақ орар. 3) Қырда қырау	Ойын жаттығуы: "Кім көп сөз ойлап табады?". (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Тапқырлықты дамыту. "Боямақ беттеріндегі суреттерді бояу. (сурет салу) Мақсат-міндеттер. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, бейне сұлбасын бояуға баулу. Сурет	«Қызықты лото» ойыны. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Кеңістік, жазықтың бағыттарын өзіне қатысты анықтау. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылауыш сөздермен байыту. Қоршаған

	құрақ құрайды.		Қызыл ала бұзау.	салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Шығармашылыққа тәрбиелеу.	орта заттары және табиғат құбылыстары жайында ұғымдарды тиянақтау.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянуштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	«Қауіпсіздік». Кешкі уақыттағы күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары туралы ұғымдарын кеңейту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күн батады, айнала жарық пен жылу азаяды, күн суытады). Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жел соқты), соған сәйкес киіну. Күннің кешкі уақытта төмен түсіп, батып, түннің басталуына ықпал ететінін түсіндіру. Сөз өнеріне баулу, мақал-мәтелдің мәнін түсінуге көмектесу. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Мағжан Жұмабаев Алтын күн батып барады, Күйдіріп көктің жиегін. Күн туралы мақал-мәтелдер: – Соқырға күн де қараңғы, түн де қараңғы. – Батар күннің атары бар. "Апандағы аю"қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,	Құстарды бақылау (торғай, көгершін). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап, Бөтегесі томпиып, Шиқ-шиқ етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. Бақылау. Немен көректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай болатыны туралы білімдерін толықтыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: құстарды қоректендіру. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: құстарды қоректендіру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құстарға жақындамауды, ашық жерге қоректі орналастырып, қауіпсіз жерден құстардың қоректену барысын бақылауға мүмкіндіктер жасау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақтың "Бәйге" ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қазақ ұлттық	Жасы кіші балалардың ойындарын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілікке, көмек беруге, жанашырлық танытуға, баланың әрекеттерін қолдауға, ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Абдрахман Асылбек "Балғын бөбек" Балғын бөбек Жырға бөлеп, Жүректерді тербейді. Үйлдейді, Күлімдейді, Кеудесін күй кернейді. Талпынады, Шар құрады, Шат өмірлі балақан. Нұрын төгіп, Жылу беріп, Аялайды алақан. Бөбектердің қимылдарына, киген киімдеріне, ойыншықтарына, әрекеттеріне көңіл аудару. "Жалауға дейін жүгір" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.	«Қауіпсіздік». Автобусты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. "Қоғамдық көлік аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету. Қоғамдық көлікте әдептілік ережелерін қайталау (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Балаларды жол қозғалысы ережелерін бекіту. диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус) *** Көлікке мінсең, жолаушы, сөйлеме. Жүргізуші назарын ешқашанда бөлме. Ережені бұзба, тыныштықты сақта. Жүйрік көліктің бағытын бөгеме. (Дина Ахметова) «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақтың "Теңге ілу" ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту, бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік, ептілік)	«Экологиялық тәрбие». Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау, өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін (гүлденудің, жапырақтардың пайда болу себебін) анықтау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсініктерді тиянақтау. Экологиялық ұғымдарды қалыптастыру. Сөз өнеріне баулу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Ағаш пен бұта туралы жұмбақтар. Д. Ахметова Тік тұрған баған, Күн пен жерден Қуат алған, Көп қолы бар майысқан, Көп парақтарын бұлғаған. (Ағаш) Жер астынан күнге созылған көп саусақ, Әр саусақта жабысқан көп шошақ. (Бұта) Бақылау. 2-3 түрлі ағаш, бұтаны бір-бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Өсімдіктердің пайдасы туралы айту.

	ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. "Жіптен секіріп өт" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	ойындарына қызығушылықты арттыру. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Достыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау. "Кімде доп?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алуды дағдыландыру. Ойындарда физикалық қасиеттерді (икемділік,ептілік, шапшаңдық) дамыту. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.	Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық,ептілік) дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Жүгіру жолын қауіпсіз ету. "Жалаудан асырып лақтыр" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Затты бір қолымен (2 метр қашықтықтан) лақтыру дағдысын жетілдіру. Дәлдікке, шыдамдылыққа,ептілікке баулу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: самалжайды жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындауға ынталандыру. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздікті қадағалау. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.	дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. ойында қауіпсіздікті қадағалау. "Тигізбей аттап өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу дағдыларын жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтай білуге баулу. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: гүлдеген өсімдіктерден жерге түскен гүл шоғырларын қорапқа жинау. Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, аула сыпырушыға көмек көрсету; бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Еңбек қауіпсіздігін қадағалау. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				

	Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертең де, кеш те де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар мезгілде, Су мен сабын-бір жолдас, Жоймас олар кір қоймас! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға баулу. Өнер бұрышында мүсіндеу, жапсыру, боямақтармен жаттығулар. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Игерілген техникалық тәсілдерді, сюжеттік композициялармен жұмыс жасауды бекіту. Шығармашылыққа құштарлықты қолдау. Ірі және ұсақ құрылыс материалдармен ойындар. Қағазды бүктеу жаттығулары. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс жасау техникаларын бекіту. Кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Түрлі құрылымдық тәсілдерді

			Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.		қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес. "Егер бала жиі ашуланса ..."	Баланың эмоциялық жағдайы.	Әңгіме: «Жаздағы дамытушылық ойындары».	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ТОО Korkem baby балабақшасы
Топ: ересек « Ботақан» топ
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **25.05 - 29.05.2026ж.**

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі бекем ел озады. (мақал)					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	«Жол қозғалысы ережелері» жобалау іс-әрекеті.	Ата-аналарға кеңес. Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі. Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы».	«Жол қозғалысы ережелері» жобалау іс-әрекеті. "Жазда баланың демалысын қалай ұйымдастырасыз?" ата-аналарға кеңес.	«Жол қозғалысы ережелері» жобалау іс-әрекеті: «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбына ата-аналармен әңгімелесу.	Ойыншық көліктер көрмесі.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету: жерді қопсыту, суару, жапырақтардың	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріне пульверизатормен су бүрку". Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтағы ылғалдылықтың қажеттілігі жайлы түсініктерін бекіту; өсімдіктерге	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Мақсаты: балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату,

эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	шаңын сүрту. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді". (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, ("Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар ("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса! Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған. ("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп-тәтті!	Жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына орналастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді есте сақтауға баулу. Жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. "Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер: қоршаған әлемдегі объектілер мен құбылыстар туралы, өсімдіктердің, жануарлардың, заттардың жіктелуі туралы, геометриялық пішіндер туралы білімді тиянақтау; заттарды атауда қазақ тіліне тән дыбыстарды нақтылы айтуға ынталандыру; ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. "Достық" тақырыбында әңгімелесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған	жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу: алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды (қажет болғанда, жуу, кептіру) сүрту және орнына қою. Тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. "Кездейсоқ жағдайларда мен не істеймін?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету; бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту. "Бірдей гүл жұбын тап" ойын-жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабылеттерін дамыту; гүлдердің түрлерін білуге машықтандыру. Педагог балаларға бір алаңның екі қатарында орналасқан сегіз гүлдерді көрсетеді. Балалар гүлдердің арасында бірдей гүлдерді табу керек. Педагог гүлдерді атауға да шақырады. Боямақ суреттермен жаттығулар. (сурет салу, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды, сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, қауіпсіздікті сақтауға баулу; қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.	ұқыпты күтім жасауға тәрбиелеу. Өз бетінше суғару қажеттілігін анықтауға үйрету (өсімдіктің сыртқы тұрқы және топырақтың түсі мен қалпына байланысты), суғару техникасын еске түсіру. Құрастыру материалдарымен ойындар. (құрастыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттер. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, құрастыру бөлшектерін (материалдарын) ажырату, атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін тиянақтау. Ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: текшелер, кірпіштер, білеулер, пластиналар, блоктар, призмалар. "Балабақша" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Мәтіннің мәніне, ырғағына сай қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу. - Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу) Біздің ортақ үйіміз. Бізбен бірге, бізбен бірге (Орнында жүріп, шапалақтау) Ойыншықтар, достарымыз. Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, қолдармен жоғары шапалақтау) Бізбен бірге қоймайды, Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау)	дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. «Қызықты лото» ойыны. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Кеңістік, жазықтың бағыттарын өзіне қатысты анықтау. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылауыш сөздермен байыту. Қоршаған орта заттары және табиғат құбылыстары жайында ұғымдарды тиянақтау. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, ү, ұ, і, қ, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға баулу. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)

	Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова.	жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.		Кейіпкерді сомдайды. Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру) Теңселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселу) Оңға-солға бұрылады, (Қолдар белде, оң-солға бұрылу) Жүреді болашаққа. (Орнында марш басу, қолдарды жоғары көтеру)	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары) Тамақтану әдебін сақтауды, дағдыларды бекіту. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. Көркем сөз А. Меңжанова "Тазалықтың досы". Сылдырлайды сылдыр су. Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Емді шөптер. Жазғы ойындар" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу "Күй күмбірі": "Балалық шақ" - Төлеген Мұхаметжанов «Өнегелі»: «Жақсылық деген не?» Мақсаты: мейірімді болудың не екенін балалармен бірге талқылау және түсінуге тырысу.				
	"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Жаңбыр туралы	Д. Ахметова, "Қатарға тұрып билейік" жаттығуы. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)	"Менің сүйікті ертегім" тақырыбына әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме	Жаз мезгіліне байланысты сюжетті суреттерге қарап әңгіме құрау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	Жаз туралы тақпақтар жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)

	түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер.	Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зеректік қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуенжазбасын қосып өткізуге болады. Қатарға тұрып билейік, Дене мүшелерін көрсетейік: Басты оңға және солға бұрып, Қос иықты көтерейік.	айтуға үйрету. Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, талқылауға баулу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Мақсат-міндеттері. Балаларды суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйретуді жалғастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді есте сақтауға баулу. "Жаз келді". Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ. Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Ж.Молдағалиев
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Етпетімен еңбектеу". Мақсат-міндеттер: гимнастикалық орындықпен етпетінен жатып, екі қолымен (орындықтың екі жанынан ұстау) тартыла еңбектеуге үйрету. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, қауіпсіздікті сақтау. Дене сапаларын: күш, шыдамдылықты, ептілікті, дамыту. Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен еңбектеуді жетілдіру.	Қазақ тілі "Жайдары жаз келді! Жыл мезгілдері. Жаз. Кемпірқосақ түстері." Балалардың ұғымында жаз мезгілі мен жазғы табиғатқа тән құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту; кемпірқосақ түстерінің атауларын бекіту; жаз қызықтары жайлы білім алуларына ықпал ету. Балаларды қазақ тілінде әуен ырғағына сәйкес мәнерлеп тақпақ айтуды үйрету; өз бетінше сөз тіркестерін құрап, еркін жауап беруге жаттықтыру; «Жаз» тақырыбы бойынша көру және есту арқылы сөйлеуді қабылдау, ырғақты сезіну сезімдірін, сондай-ақ, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын, эстетикалық талғамдарын дамыту. Әдептілікке, байқампаздыққа, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Дене тәрбиесі "Жәндіктерді бақылаймыз, еңбектейміз, жорғалаймыз". Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа 4-6 сызықтың үстінен секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40-50 см) үйрету. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, қауіпсіздікті сақтау. Дене сапаларын: күш, ептілікті, икемділікті дамыту. Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіруді жетілдіру.	Дене тәрбиесі "Жайдары жаздың ойындары". Мақсат-міндеттер: балаларда қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, қауіпсіздікті сақтау. Дене сапаларын: шыдамдылықты, ептілікті, икемділікті дамыту. Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіруді жетілдіру.	Театрландырылған қойылым. "Алма" ертегісі Мақсаты: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі). Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады. Басынан автор рөлін педагог өзі алады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады. Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді. (тіл дамыту және көркем әдебиет)

2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылары)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) «Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, ыстық, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру, жүйеге салу: өз бетінше киіну мен шешіну, киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; барлық түймелерін түймелеу, ілмекті салу, бір-біріне көмектесу; өз киімдерін тану, атау, күту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын бекіту (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
